ЖЕТІСАЙ АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
2021 ж. «02» 02 ЗАҢДЫ ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ
Бизнес-сәйкестендіру нөмірі 010740007202
Тіркеу № 356-1959-21-ГҚО-Ш

Түркістан облысы әкімдігінің
« » 01 2021 жылғы
№ каулысына
290-қосымша

**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Мерей " бөбекжай-балабақшасы"мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорнының**

**ЖАРҒЫСЫ**

## І.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы жарғы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және фидиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Заңдарына және баска да заң актілеріне сәйкес дайындалған.

1.2. Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту баскармасының Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Мерей» бөбекжай балабакшасы» мемлекеттік коммуналдық казыналық кәсіпорны, бұдан былай «Кәсіпорны» жедел басқару құқығындағы мемлекеттік мүлікке ие мемлекеттік коммуналдық қазыналық Кәсіпорны болып табылады.

1.3. Кәсіпорнының толық атауы: Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту баскармасының Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Мерей» бөбекжай–балабакшасы» мемлекеттік коммуналдык қазыналық кәсіпорны.

1.4. Мемлекеттік кәсіпорнының түрі: коммуналдық.

1.5. Кәсіпорнының орналасқан жері: ҚР, 160500 Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Ш.Уалиханов көшесі, №32.

1.6. Кәсіпорнының құрылтайшысы: Түркістан облысының әкімдігі БСН 000340005140.
Кәсіпорнының мемлекеттік баскару органы - Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Жетісай ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі. БСН: 180840026780.

Кәсіпорнының құрылтайшысы Заңдарға және баска да заңнамалық актілерге сәйкес Кәсіпорныды құру, оны қайта құру және тарату мәселелерін шешеді.

1.7. Кәсіпорны тіркеуден өткеннен бастап заңды тұлға құқығына ие болады.

1.8. Кәсіпорны заңды тұлға болып табылады, өзіндік мүлкі, дербес балансы, есеп айырысу (оның ішінде валюталық) шоты және банктерде баска да шоттары, Қазақстан Республикасының Елтаңбасы бейнеленген, атауы қазақ тілінде жазылған мөрі мен штамптары бар.

1.9. Кәсіпорны өзінің міндеттемелері бойынша билік етуіндегі ақшамен жауап береді. Кәсіпорнының ақшасы жеткіліксіз болса, оның міндеттемелері бойынша субсидиялық жауапкершілікті Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумактық бірлік көтереді. Қазыналық Кәсіпорнының келісім-шарт міндеттемелері бойынша жауапкершілігі Қазақстан Респубикасының колданыстағы заңнамасына сәйкес алып жүреді.

1.10. Кәсіпорны өз кызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» және «Білім туралы» Заңдарын, ҚР Үкіметінің нормативтік актілерін және осы Жарғыны басшылыкка алады.

1.11. Кәсіпорны– мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуды жүргізетін мектепке дейінгі ұйым болып табылады.

1.12. Кәсіпорны баска заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды. Кәсіпорнының филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

1.13. Кәсіпорнының қызмет мерзімі шектелмеген.

## II. КӘСІПОРНЫНЫҢ МІНДЕТІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

2.1.Кәсіпорнының басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде және адамды калыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау.

2.2. Кәсіпорнының басым міндеттері мыналар болып табылады:

- Білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау;
- Жеке адамның шығармашылық, рухани және өзге де мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интелектін байыту;
- Азаматтық пен елжандылыкка, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және коғамға карсы кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- Республиканың коғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне катысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- Әлемдік және Отандык мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Республиканың баска да Халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру;

ЖЕТІСАЙ АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

Scanned by TapScanner

- Кәсіпорнының еркіндігі, дербестігін кеңейту, білім беру ісін басқаруды демократияландыру және орталықсыздандыру.
- Оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғылыми коммуникациялық желілерге шығу.
- Алуан түрлі және көпқызметті білім беру ұйымдарының тиімді дамуына жәрдемдесу.

2.3. Кәсіпорнының құзыретіне мынандай міндеттер жатады:

- Жарғының жобасын әзірлеу.
- Ішкі тәртіп ережелерін әзірлеу және бекіту.
- Оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, оқу процесінің күнтізбелік кестелерін әзірлеу және бекіту.
- ҚР «Білім туралы» Заңында және тиісті үлгілері білім беру ұйымдары туралы Үлгі ережеде өзгеше көзделмесе, тәрбиеленушілер контингентін білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензияға сәйкес қалыптастыру.
- Оқу тәрбие процесін әдістемелік қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жетілдіру.
- Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау жасау.
- Кәсіпорнының басқару құрылымын, штат кестесін бекіту, қызмет міндеттерін бөлу;
- Өздерінің қаржы қаражаты шегінде және республикалық нормативтік құқықтық актілермен белгіленген шектеулерді ескере отырып Кәсіпорындағы қызметкерлердің жалақысы мен лауазымдық айлық ақысының ставкаларын белгілеу.
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорны қызметкерлерінің лауазымдық айлық ақыларына үстеме ақы мен қосымша ақы, оларға сыйлық берудің тәртібі мен мөлшерін белгілеу;
- Кәсіпорнды нормативтік талаптарға сәйкес материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету, жарақтау мен жабдықтау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін қосымша қаржылық және материалдық қаражат көздерін тарту.
- Қоғамдық тамақтандыру ұйымдары бөлімшелерінің және медициналық ұйымдардың жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар жасау, олардың жұмыстарына тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің денсаулықтарын қорғау және нығайту мақсатында бақылау жасау;
- Тәрбиешілердің жекелеген санаттарына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген қосымша жеңілдіктер материалдық қамтамасыз ету түрлерінің уақытылы берілін отырылуын қамтамасыз ету;
- Тәрбиешілердің күтімі мен құру жағдайларының белгіленген нормалардан төмен болмауын қамтамасыз ету;
- Оқытушылық (педагогикалық) ұйымдар мен бірлестіктердің қызметіне жәрдемдесу;
- Құрылымшылар мен мүдделі адамдарға қаржылық және материалдық ресурстардың түсуі мен жұмсалуы туралы есеп беру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және Кәсіпорнының жарғысында көзделген өзге де қызметті жүзеге асыру.

## III. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ МАҚСАТЫ, ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ.

3.1. Кәсіпорнында мектепке дейінгі білім беру процесінің мақсаты мыналар болып табылады:

- Тұлғаның моральдық интеллектуалдық және физикалық аспектерінде дамыған, дербестіктің негізін құруға бағытталған тәрбиелердің түрлері мен әдістерін іздеу;
- Балалар денсаулығына қамқорлық жасау, олардың дұрыс физикалық дамуы мен организмінің шынығуын қамтамасыз ету, құнды тамақтануды, аурулардың алдын алу шараларын өткізу;
- Баланың әрі қарай мектепке табысты оқуына ықпал жасайтын тәрбие жұмысын жүргізу болып табылады;

3.2. Мектепке дейінгі білім беру Кәсіпорнының құрамына төмендегілер кіреді:

- Мектепалды тәрбие және білім бағдарламаларын балалар игеру үшін жағдайлар жасау;
- Мектепалды балалардың белсенділігін, әуестігін, шығармашылық қабілетін еркін білдіретіндігін тәрбиелеу және дамыту;
- Бір жастан бастап мектеп жасына жеткенге дейін тәрбиелеуді жүзеге асыру;
- Бес жастан бастап мектеп алды даярлық түрінде мектепке дейінгі оқытуды жүзеге асыру;
- Мектеп алды жастағы балаларды балалар бақшасы жағдайында, балалардың белгіленген уақыт аралығында болуы, бес күндік жұмыс уақытының болуы.
- Балалар бақшасы топтары жастарының құрамына және диагнозына байланысты құрылады;
- Арнайы білім беру бағдарламаларын арнайы білім беру ұйымдары іске асырады;
- Балалар бақшасындағы балалар күніне үш рет тамақпен қамтамасыз етіледі;
- Сөз және сенсорлық дамуы артта қалған балалар логопедтен кеңес және сабақ алады;
- (Ата-аналар қалауы бойынша) балалардың қысқа мерзімде болу топтарын ұйымдастыру;
- Ата-аналарға педагогика, медицина, психология, экономика мәселелері бойынша осы салаларда қызмет көрсетуге құқылы бірлесіп кеңес беру.

3.3. Кәсіпорны өзінің түпкілікті мақсатына жету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен шектелмеген кез-келген қызмет түрімен, оның ішінде мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу мен оқытумен айналыса алады.

ЖЕТІСАЙ АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

Scanned by TapScanner

## IV. КӘСІПОРНЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

4.1. Кәсіпорнының шаруашылық қызметі оның жарғыда көрсетілген мақсаттары мен міндеттерімен, сондай-ақ Кәсіпорнығa мемлекеттік басқару органы арқылы жеткізілетін мемлекеттік тапсырыстарымен анықталады.

4.2. Кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (атқаратын жұмыстардың, көрсететін қызметтердің) бағасын мемлекеттік басқару органы белгілейді.

## V. КӘСІПОРНЫҒА (БАЛАБАҚШАҒА) ҚАБЫЛДАУ ТӘРТІБІ.

5.1. Баланы балабақшаға қабылдау кезінде Кәсіпорны оның ата-анасын немесе өзге де заңды өкілдерін Кәсіпорнының жарғысымен, қабылдау тәртібін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

5.2. Мемлекеттік басқару органы Кәсіпорныға қабылдаудың осы аумақта тұратын және тиісті деңгейде білім алуға құқығы бар барлық азаматтардың қабылдауын қамтамасыз ететін тәртібін белгілейді.

## VI. БІЛІМ БЕРІ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

*(оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), тәрбиеленушілердің, білім алушылардың, сабақ режимі)*

6.1. Кәсіпорнының оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорны мемлекеттік стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шетел тілін оқып үйренуді ҚР Конституциясына және ҚР Заңнамасына сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі тиіс.

6.2. Білім оқушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсыныстары негізінде әзірленген Кәсіпорны бекітетін ережелермен айқындалады.

6.3. Кәсіпорнында тәртіп білім алушылардың, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде сақталады. Білім алуға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға жол берілмейді.

6.4. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдеріне білім беру және тәрбиелеу процесінің барысымен және мазмұнымен танысу мүмкіндігі қамтамасыз етілуі тиіс.

6.5. Кәсіпорнындағы тәрбие бағдарламалары білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі болып табылады және тәрбиеленушілерді азаматтық, елжандылық, интернационалдық, жоғары моральдық және адамгершілік сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты ынта-ықыласы мен қабілеттерін дамытуға бағытталуы тиіс.

6.6.Кәсіпорнында нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырмашылықты насихаттауға, милитаристер және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпы танылған принциптеріне қайшы келетін өзге идеяларды таратуға тыйым салынады.

## VII. БІЛІМДІ АҒЫМДАҒЫ БАҚЫЛАУ, БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ АРАЛЫҚ АТТЕСТАТТАУ ЖҮЙЕСІ, ОЛАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ НЫСАНДАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

7.1. Кәсіпорнының қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Кәсіпорнының жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және қызметтік нұсқауларымен айқындалады.

7.2. Кәсіпорнындағы оқу тәртіп жұмыстарын ұйымдастыру, басшылық және бақылау қызметтік нұсқауларымен, өндірістік жоспар негізінде жүргізіледі.

7.3. Мемлекеттік жалпы міндетті стандартты қамтамасыз ету, педагогтардың жұмысын ұйымдастыру, басқаруды Педагогикалық кеңес жүргізеді.

7.4. Аттестациялау нысаны Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес жүргізіледі.

## VIII. КӘСІПОРНЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫМЕН, ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРІМЕН ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ОЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДЕРІМЕН ҚАТЫНАСТАРЫН РЕСІМДЕУ

8.1. Тәрбиелеу-білім беру процесінің негізгі субъектілері балалар, ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар, тәрбиешілер және басқа да педагогтар болып табылады.

8.2. Тәрбиелеу-білім беру процесін қамтамасыз етуде балабақшадағы әр балаға мыналарға кепілдік беріледі:

- Оның өмірі мен денсаулығын сақтау;
- Оның қадір-қасиетін қорғау;
- Дене, моральдық немесе психикалық зорлықтың барлық нысандарынан қорғау;
- Оның шығармашылық қабілеттері мен ынтасын дамыту;
- Сапалы мектепалды даярлау;
- Бейімділігіне, қабілеттеріне, қалауына және денсаулық жағдайына сәйкес [...] ру қызметтерін алу.

ЖЕТІСАЙ АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

Scanned by TapScanner

8.3. Кәсіпорны мен ата-аналар немесе оларды алмастыратын тұлғалар арасындағы өзара қарым-қатынастар баланы балабақшаға қабылдаған кезде жасалатын Шартпен реттеледі.

8.4. Шартта баланың балабақшаға беру режимі, тамақтану саны, қосымша білім беру, сауықтыру қызметтерін көрсету деңгейі және мерзімі, балабақшада баланы ұстау ақысының мөлшері, қосымша ақылы қызметтер және өзге де жағдайлар айқындалады.

8.5. Кәсіпорныда оқу-тәрбие процесі тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайы ескеріле отырып жүргізіледі.

8.6. Кәсіпорныда аурудыңалдын алуға, денсаулықты нығайтуға, дене шынықтыруға, оқытылушылардың салауатты өмір сүруге ынталандыруға қажетті шаралар орындалуы қамтамасыз етіледі.

8.7. Оқу жүктемесін, тәрбиеленушілердің сабақ тәртібін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары мен оқу жоспарлары негізінде дайындалған, Кәсіпорны бекіткен ережелер анықтайды.

8.8. Денсаулық сақтау жүйесінің ұйымы тәрбиленушілердің денсаулығына жүйелі бақылауды, медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады.

8.9. Кәсіпорнының педагогтары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпте жыл сайын медициналық тексерілуден өтеді.

8.10. Сабақ кестесі тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалуы үшін жеткілікті үзіліс қарастыруы қажет.

8.11. Балабақшада демалыс, оқыту мен тәрбиелеудің қауіпсіз жағдайларын жасау жауапкершілігі Директорға, ал бақылау мемлекеттік басқару органына жүктеледі.

8.12. Тәрбиеленушілердің ата-аналары мен басқа заңды өкілдерінің мынаған құқығы бар:

- Баланың қабілеті мен жеке бейімділігін, тілегін ескере отырып, білім беру ұйымын таңдауға;
- Ата-аналар комитеті арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмыстарына қатынасу;
- Баласының оқу жағдайлары мен тәртібі, үлгерімі туралы Кәсіпорнынан мәлімет алып тұру;
- Өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша кеңестік көмек алу.

8.13. Ата-аналар мен басқа заңды өкілдер мынаған міндетті:

- Балалардың өмірі мен оқуы үшін қауіпсіз, жақсы жағдайлар жасау, олардың адамгершілік қаситеттерінің, парасаттылығының дамуына және дене шынықтыруына қамтамасыз етуге;
- Бес (алты) жасында балалардың мектепке барар алдындағы дайындығын қамтамасыз етуге, ал алты жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге;
- Білім беру ұйымдарымен бірге жұмыс істеуге;

## IX. КӘСІПОРНЫ МҮЛКІНІҢҚҰРЫЛУЫ МЕН ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ

9.1.Кәсіпорнының мүлкін негізгі және айналыс қаражаты, сондай-ақ құны Кәсіпорнының дербес балансында көрсетілген құндылықтар құрайды.

9.2. Кәсіпорнының мүлкі бөлінбейді және оны салымдар (үлестер, пайлар) бойынша, соның ішінде Кәсіпорны қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

9.3. Кәсіпорнының мүлкі:

- Оған меншік иесі берген мүліктің;
- Өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған (ақшалай табыстарды қосқанда);
- Заңдармен тыйым салынбаған өзге де қаражат негіздерінің есебінен қалыптастырылады.

9.4. Кәсіпорны мемлекеттік басқару органының жазбаша келісімінсіз негізгі құралдарға жататын мүлікті сатусатып алу, айырбастау, сыйға тарту шарттары немесе өзге де мәміле негізінде алуға құқы жоқ.

9.5. Мүліктік меншік ретінде мемлекеттік Кәсіпорнының құрамына оның қызмет етуіне арналған мүліктің барлық түрлері, оның ішінде ғимараттар құрылыстар, жабдық, құрал-сайман, шикізат, өнім, жер учаскесіне құқық, талап ету құқықтары, борыштар, сондай-ақ оның қызметін дараландыратын белгілеулерге (фирмалық атауы, тауар таңбалары) құқықтар және басқа да ерекше құқықтар кіреді.

9.6. Кәсіпорны табысын бөлудің тәртібін мемлекеттік басқару органы анықтайды.

## X. КӘСІПОРНЫҒА МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНЫ БЕКІТІП БЕРГЕН МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

10.1. Кәсіпорны мемлекеттік басқару органы өзіне бекітіп берген мүлкін ҚР Заннамасына сәйкес жедел басқару құқығымен пайдаланады.

## XI. КӘСІПОРНЫНЫҢ ӨЗ ҚЫЗМЕТІ ПРОЦЕСІНДЕ САТЫП АЛҒАН МЕНШІКПЕН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

11.1. Кәсіпорны мүлікті қолданылып жүрген заңдармен белгіленген тәртіппен иеленуге және пайдалануға құқығы бар.

11.2. Кәсіпорны өзіне бекітіп берілген өзінше басқа жаққа жатсындыруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

11.3. Кәсіпорны құрылымын өзгерту мен оларды жекешелендіру, білім беру қызметінің бейіні сақталмаған жағдайда, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарымен келісе отырып жүргізіледі.

ЖЕТІСАЙ АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

Scanned by TapScanner

## XII. КӘСІПОРНЫНЫҢ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ, ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАҒЫНАН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

12.1. Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы орта білім алуына Кәсіпорынды ұстау бюджеттен қаржыландыру мемлекеттік білім беру тапсырысы мемлекеттік кепілдіктердің негізі болып табылады.

12.2. Мемлекеттік білім беруге жыл сайын бюджет қаржысын бөлуді оның басымдығын ескере отырып қамтамасыз етеді.

12.3. ҚР Үкіметі халықтың тығыздығына және елді мекендердің алыстығына қарай білім беру ұйымдары желілерінің кепілді мемлекеттік нормативтерін бекітеді.

12.4. Кәсіпорнды қаржыландыру бір тәрбиеленушіге есептеліп айқындалатын. ҚР Үкіметі бекітетін қаржыландыру нормативтерінің негізінде жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады.

Кәсіпорнды қаржыландыру нормативтерінің абсалютті мөлшері инфляция қарқынына сәйкес үнемі индекстеліп, оның ҚР Үкіметі жыл сайын бекітіп отырады.

12.5. Кәсіпорнының материалдық-техникалық базасын жасау мен дамыту жергілікті бюджеттердің қаражаты мен Заңда белгіленген өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

## XIII. МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ОРГАНЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ

13.1. Басқару органы:

- Мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балалардың есебін жүргізеді және олардың білім алғанға дейінгі оқуын ұйымдастырады;
- Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға қамқоршылық және қорғаншылық жасауды ұйымдастырады оларды балалар үйлеріне немесе интернаттық ұйымдарға орналастырады;
- Меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, жергілікті бағыныстағы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесі мазмұнының мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары талаптарына сәйкес келуіне мезгіл-мезгіл бақылау жасауды ұйымдастырады және оны өз құзыреті шегінде жүргізіп отырады;
- Балабақшаның директорын тағайындайды және қызметтен босатады;
- Білім беру мәселелері бойынша жоғары тұрған органдарға статистикалық есеп беріп отырады;
- Кәсіпорнының жарғысын бекіту үшін құрылтайшыға ұсынады;
- Аймақтық деңгейде педагог кадрларды қайта даярлауды, олардың біліктілігін арттыруды әдістемелік кабинеттер желісі арқылы әдістемелік қамтамасыз етуді жоспарлайды және ұйымдастырады;

## XIV. КӘСІПОРНЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ, ОЛАРДЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

14.1. Кәсіпорнды басқару ҚР Заңнамасына сәйкес тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары туралы Үлгі ереже мен Кәсіпорнының Жарғысына сәйкес асырылады.

14.2. Алқалы басқару органы мен басқару органы болып Педагогикалық кеңес табылады. Алқалы басқару органдарын сайлау тәртібіне қоса алғанда, олар туралы Ережені білім беру саласындағы орталық атқарушы органдар бекітеді.

14.3. Кәсіпорнды тікелей басқаруды директор жүзеге асырады.

14.4. Кәсіпорнының директорын мемлекеттік басқару органы тағайындайды.

14.5. Кәсіпорнының директоры:

- Мектепке дейінгі ұйымның атынан әрекет етеді, барлық мемлекеттік және жеке меншік ұйымдарда оның атынан өкілдік етеді;
- Қаражатты басқарушы болып табылады, шарттар жасайды, сенімхаттар береді, банктерде есептік және басқа да шоттар ашады;
- Өз құзыреті шегінде мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады, жаза қолданады;
- Кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату құқығын пайдаланады;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасайды;
- Балалар мүдделерін, отбасы қажеттіктерін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады;
- Баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде ата-анасын немесе заңды өкілдерін жарғымен, қабылдау тәртібі мен оқыту-тәрбиелеу процесін және медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру тәртібін регламенттейтін құжаттармен таныстырады, ата-аналармен немесе заңды өкілдермен шарт жасасады;
- Мектепке дейінгі ұйымға бекітілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;
- Кәсіпорнының қызметіне ағымдағы басшылықты жүргізеді;
- Есеп пен есеп беруді қамтамасыз етеді;

14.6. Кәсіпорны директоры ҚР Заңнамаларына сәйкес мынадай жағдайларда жауапты болады:

- Тәрбиленушілердің, қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны;

ЖЕТІСАЙ АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

Scanned by TapScanner

- Өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын бұзғаны
- Тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің оқу-тәрбие процесі кезіндегі өмірі мен денсаулығын сақтау үшін
- Қаржы-шаруашылық қызметінің жай-күйі, оның ішінде материалдық және ақшалай қаражаттардың мақсатты пайдаланылмағаны үшін;
- Нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген талаптардың және өзге де бұзылғаны үшін жауапты болады.

14.7. Кәсіпорнының басшыларына өздерінің қызметтерін оның ішіндегі немесе одан тыс жерлердегі басқа да ақылық (ғылыми және ғылыми-әдістемелік басшылықтан басқа) қызметтермен қоса атқаруға рұқсат етілмейді

14.8Кәсіпорнының олардың филиалдары (бөлімдері) басшыларының қызметтік міндеттерін қоса атқаруға болмайды.

## XV. КӘСІПОРНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ШТАТЫН ТОЛЫҚТЫРУ ТӘРТІБІ, ЕҢБЕККЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ, ОЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

15.1. Кәсіпорнының тиісті кәсіптік білімі бар азаматтардың педагогтық қызметімен айналысу (оқыту және тәрбиелеу) құқығы бар.

15.2. Қазақстан Республикасының Заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, педагог қызметкерлерді өздерінің кәсіптік міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

15.3. Кәсіпорнының педагогтық қызметіне сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен тыйым салынған адамдар, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

15.4. Кәсіптік қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесіҚазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен айқындалады. Бюджеттен алынатын қаражат есебінен ұсталатын Кәсіпорны қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу туралы Ережені еңбек саласындағы жергілікті атқарушы орындарымен келісе отырып білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдар бекітеді.

15.5. Кәсіпорны қызметкерлерінің жалақысы мен қызметтік айлық ақылары олардың біліктілігіне қызмет міндеттеріне сәйкес беріледі.

15.6. Кәсіпорны өздерінде бар еңбекке ақы төлеу қаражатының шегінде үстеме, қосымша ақылардың, сыйлықтардың және ынталандырусипатындағы басқа да төлемдердің мөлшерін өздері белгілеуі мүмкін. Бюджет қаражатынан ынталандыру сипатында төленетін төлемдер жалақысының кепілді бөлігі бойынша берешек болмаған жағдайда ғана жасалуы мүмкін.

15.7. Кәсіпорнының педагог қызметкерлері үшін нормативтік оқу жүктемесі аптасына 18 сағат.

15.8. Өз қаражаты есебінен Еңбекке ақы төлеу жөніндегі Ережені Кәсіпорны(Құрылтайшы) айқындайды.

15.9. Кәсіпорны қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері Кәсіпорнының жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен және қызметтік нұсқаулықтармен айқындалады.

15.10. Педагогтық қызмет атқаратын адамдар педагог қызметкерлер болып есептеледі. Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар қызметінің тізбесін ҚР Үкіметі белгілейді.

15.11. Кәсіпорнының педагог қызметкерлері:

- Кәсіптік қызмет үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етілуге;
- Мемлекеттік жалпы міндетті стандарт сақталған жағдайда педагогтық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- Ғылыми зерттеулер тақырыбын және олардың нәтижелерін педагогтық қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;
- Кәсіпорнының басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- Жұмыстан қол үзе отырып, құрылтайшының қаражаты есебінен үш жылда бір рет ұзақтығы төрт айдан аспайтын уақытта өзінің біліктілігін арттыруға;
- Санатын көтеру, қызметінде өсу мақсатында мерзімінен бұрын аттестаттауға;
- Ақы төленйтін демалыс алуға;
- Жеке педагогикалық қызметке;
- Өзінің кәсіптік абыройы мен қадір-қасиетін қорғауға;
- Кәсіпорны мен олардың қызметкерлерінің білім беру және экономикалық қызметінің көзі болып табылатын материалдық ақпараттар (ғылыми, әдістемелік еңбектер, патенттер, бағдарламалық қамтамасыз ету, білім беру және аппарат технологиялары және басқалар) нысанындағы интеллектуалдық меншігін меншіктің басқа түрлерімен бірдей қорғауға;
- Кәсіпорны әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағым жасауға;
- Кәсіптік қызметтегі табыстары үшін материалдық және моральдық жағынан көтермелеуге, ордендермен және медальдармен, құрметті атақтармен, белгілермен және грамоталармен марапатталуға құқығы бар;

15.12. Мемлекеттік білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің ҚР заңнамасына сәйкес және басқа да құқықтары бар.

## XVI. АҚЫЛЫ БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУДІҢ ТІЗБЕСІ МЕН ТӘРТІБІ

16.1. Кәсіпорнының ақылы қызмет көрсетуі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

ЖЕТІСАЙ АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

Scanned by TapScanner

## XVII. КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІНІҢ БОЛУЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

17.1. Кәсіпорнының кәсіпкерлік қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## XVIII. ЖҰМЫС РЕЖИМІ

18.1. Кәсіпорнының жұмыс режимі Қазақстан Республикасының «Еңбек Кодексіне» сәйкес айқындалады.

## XIX. ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

19.1. Кәсіпорны мен мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органның, Кәсіпорны мен тиісті сала бойынша уәкілетті органнан, Кәсіпорнының әкімшілігі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерімен реттеледі.

## XX. ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ ТАРАТЫЛУ ТӘРТІБІ

20.1. Кәсіпорны өз қызметін қайта ұйымдасытыру (бірігу, қосу, қайта құру, бөліну, бөлу)немесе тарату жолымен құрылтайшы шешімімен немесе сот шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайларда тоқтатады.

20.2 Кәсіпорны таратылған кезде кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі, егер заң актілерінде өзгеше тәртіп көзделмесе, құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

## XXI. КӘСІПОРНЫНЫҢ ЖАРҒЫСЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ

21.1. Кәсіпорнының жарғысына енгізілетін өзгертулер мен толықтырулар құрылтайшы шешімімен Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады.

ЖЕТІСАЙ АУДАНДЫҚ ТІРКЕУ
ЖӘНЕ КАДАСТР БӨЛІМІ
ТЕКСЕРІЛДІ

Scanned by TapScanner